

Қалалық мәслихаттың 2015 жылғы 3 шілдедегі № 30/285 "Ақтау қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 2017 жылғы 16 наурыздағы № 7/83 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 28 сәуірде № 3352 болып тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 2021 жылғы 24 маусымдағы № 4/37 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 24.06.2021 № 4/37 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.
Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 50 бабының 2-тармағына сәйкес Ақтау қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қалалық мәслихаттың 2015 жылғы 3 шілдедегі № 30/285 "Ақтау қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №2798 болып тіркелген, "Маңғыстау" газетінде 2015 жылғы 15 тамызда жарияланған) келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 15) тармақшасына сәйкес Ақтау қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**".

2. "Ақтау қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (Д.Телегенова) осы шешімнің Маңғыстау облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіnde және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ақтау қалалық мәслихатының коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (Б.Шапқан) жүктелсін.

4. Осы шешім Маңғыстау облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Ш.Гусейнов

Қалалық мәслихат хатшысы

М.Молдағұлов

"КЕЛІСІЛДІ

"Ақтау қалалық тұрғын – үй

коммуналдық шаруашылығы

бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы

Б.Қ.Ізғалиев

"24" наурыз 2017 жыл